

**«Рудный тау-кен-технологиялық колледжі»
КМҚК индустриялық Кеңесінің
№1 отырысының хаттамасы**

2024 ж. 29.08-нен

Қатысты:

1. Сагандық Салимович Ташетов, «Рудныйсоколовстрой» АҚ кадрлар бөлімінің басшысы.
2. Кайсар Сейткасымович Канешов, «Рудный тау-кен-технологиялық колледжі» КМҚК директоры.
3. Павел Александрович Раков, «ССКӨБ» АҚ МКК «Соколовская» шахтасының директоры.
4. Дмитрий Викторович Артамонов, «Казогнеупор 2015» ЖШС бас инженері.
5. Виктор Вадимович Ключко, «ССКӨБ» АҚ ТКТКЦ және ЖҚЖЦ ӨК көлік кешені кәсіподақ комитеті төрағасының орынбасары, электровоз машинисі.
6. Дарья Григорьевна Галюченко, «ERG service» ЖШС ұйымдастыру мәселелері жөніндегі үйлестірушісі.
7. Никита Жарков, ЛМК-24 тобының колледж студенті.
8. Ажар Маратова, ПҚБ-22 тобының колледж студенті.
9. Данил Шумарин, Т-23 тобының колледж студенті.
10. Татьяна Ивановна Дозорцева, «Рудный тау-кен-технологиялық колледжі» КМҚК директорының орынбасары.

Күн тәртібі:

1. Мамандықтар бойынша оқу жұмыс бағдарламаларының мазмұнын қарау.
2. Индустриялық кеңестің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын қарау.
3. «Талапкер – 2024» кәсіптік бағдар беру науқанының қорытындылары: перспективалар, қиындықтар.
4. Нысаналы шарттар шеңберінде әлеуметтік әріптестермен жұмыс жөніндегі ақпарат. Дуальды оқыту нысаны бойынша шарттар жасасу.

№1 сұрақ бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.С. Ибрашева тыңдалды. Жанар Серикбаевна кредиттік - модульдік тәсіл негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған келесі мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарларын әзірлеу туралы таныстырды:

- ✓ 07240500 «Пайдалы қазбаларды байытушы (рудамен байыту)»;
- ✓ 07240600 «Жер асты құбырларының құрылысы»;
- ✓ «07150300 Токарлық іс және металл өңдеу (түрлері бойынша)»;

- ✓ «07150600 Слесарь іс (салалар мен түрлер бойынша)»;
- ✓ «07130100 Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)»;
- ✓ «07160500 Темір жолдардың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету».

Оқу жұмыс жоспары нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде әзірленді:

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 ІІІ ҚР Заңы ТЖКБ мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ПМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы)
- ТЖКББ мамандықтары мен біліктіліктерінің жіктеуіші (ҚР ПМ 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығы)
- ТЖКББ ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе Модулінің үлгілік оқу бағдарламалары (ҚР ПМ 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығы).

Оқу жұмыс жоспарлары «ССКӨБ» АҚ, «Рудныйсоколовстрой» АҚ, «ERG service» ЖШС әлеуметтік әріптестерінің өкілдерімен бірлесіп қаралды. Мамандарды даярлау жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес және аймақ пен колледждің ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылатындықтан, сәйкесінше негізгі біліктілік ретінде біліктілік алынды:

- ✓ 3W07240502 Агломерациялық қондырғылардың операторы.
- ✓ 3W07240601 Қазба жүргізуші.
- ✓ 3W07150301 Токарь.
- ✓ 3W07150601 Слесарь-жөндеуші.
- ✓ 3W07130101 Электромонтер (түрлері және салалары бойынша).
- ✓ 3W07160501 Локомотив машинисінің көмекшісі (түрлері бойынша).

Жоғарыда аталған мамандықтар мен біліктіліктер бойынша әлеуметтік әріптестер өкілдерімен келісілген білім беру бағдарламалары (бұдан әрі-ББ) 2024 жылғы наурыздан шілдеге дейінгі кестеге сәйкес тізілімге енгізілді. ББ құрылымына қойылатын талаптарды МЖМБС айқындайды. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізінде 2024 жылғы 07 наурыздағы № 193 ББ құрылымы мыналарды қамтиды:

1. ББ төлқұжаты;
2. Құзыреттер тізімі;
3. ББ мазмұны;

- Модульдердің (пәндердің) мазмұны;

- ББ модульдері/пәндері бөлінісінде игерілген кредиттер/сағаттар көлемін көрсететін жиынтық кесте;

- Құзыреттілік бойынша пәндер матрицасы (модульдік бағдарламалар үшін).

Дуальды оқытуды ұйымдастыруға қатысты мамандықтардан басқа 2024-2025 оқу жылына арналған 4 қабылдау тобы қаралды: «07150600 Слесарь іс (салалар мен түрлер бойынша)» және «07160500 Темір жолдардың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету».

дуальды оқытуды пайдалана отырып білім беру бағдарламалары кәсіпорындар арасында оқу уақыты көлемінің кемінде 60% жалпыға міндетті және кәсіптік модульдердің өндірістік практикасын көздейді.

Шешті: ұсынылған жоспарлар («ССКӨБ» АҚ, «РСС» АҚ, «ERG service» ЖШС) сәріктес кәсіпорындардың өкілдерімен келісілсін. Келесі мамандықтар бойынша топтарда дуальды оқыту түріне байланысты өндірістік тәжірибеге сағат санын ұлғайту мақұлдансын:

- 07240500 «Пайдалы қазбаларды байытушы (рудамен байыту)»;
- 07130100 «Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)»;
- 07240600 «Жер асты құбырларының құрылысы».
- 07150300 «Токарлық іс (түрлері бойынша)».

- Барлық ББ құрылымға МЖМБС талаптарына сәйкес әзірленеді. Барлық ББ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша 07.03.2024 жылғы № 193 әдістемелік ұсынымдарға сәйкес болуы тиіс.

№2 сұрақ бойынша индустриялық кеңестің төрағасы С.С. Ташетов Кеңес жұмысының 2024 жылғы 1 жартыжылдықтағы нәтижелері туралы ақпарат ұсынды.

Жұмыс бекітілген жоспарға сәйкес жүргізіледі, колледждің МТБ жарақтандырылады, өндірістік және кәсіптік тәжірибеден өту сұрақтары шешіледі. Кәсіптік бағдар беру науқанын жүргізу кезінде әртүрлі нысандар енгізілуде, нысаналы шарттар, сондай-ақ дуальды оқыту нысаны бойынша шарттар жасасу бойынша ынтымақтастық өте жақсы өтуде. Сонымен қатар, кейбір («РСС» АҚ, «ССКӨБ» АҚ, «КОУ -2015» ЖШС) кәсіпорындар тәжірибе кезеңінде студенттер санын көбейтуге мүдделі деді.

Шешті: кеңестің жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін, жұмыс сапасын жақсарту және 2025 жылға арналған перспективалар бойынша ұсыныстар жұмысқа 2 жартыжылдық енгізілсін. Жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес тәжірибеден өту кезеңінде студенттер санын көбейту мәселесін (мүмкіндігінше) қарастырылсын.

№3 сұрақ бойынша «Рудный тау-кен-технологиялық колледжі» КМҚК директоры Қ.С. Канешов «Талапкер – 2024» кәсіптік бағдар беру науқанына талдау жасап, сөз сөйледі. Мемлекеттік білім беру тапсырысын 100% орындалды, мәлімделген мамандықтар бойынша 1 курстың 6 тобын алынды, деді.

№	Мамандығы	Саны
1	07160500 Темір жолдардың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету	26
2	07240500 Пайдалы қазбаларды байытушы (рудамен байыту)	28
3	07240600 Жер асты құбырларының құрылысы	20

4	07150600 Слесарь іс (салалар мен түрлер бойынша)	26
5	07150300 Токарлық іс (түрлері бойынша)	26
6	07130100 Токарлық іс (түрлері бойынша)	24
	барлығы	150

Сондай-ақ, «ССКӨБ» АҚ МКК «Соколовская» шахтасының директоры П.А. Раков сөз сөйледі, ол кәсіптік бағдар беру кабинетінің, әсіресе қазба жүргізуші түлектер үшін тәжірибелік маңыздылығы туралы айтты. Ол талапкерлердің біліктілік талаптарына ерекше назар аударды: 3W07240601 «Қазба жүргізуші» және 3W07160501 «Локомотив машинисінің көмекшісі (түрлері бойынша)» (100% көру). Дәл осы медициналық көрсеткіштер практикадан сапалы өтуге және «ССКӨБ» АҚ-дан екінші стипендия алуға әсер етеді. Сонымен қатар, өндірістегі өкілдерден кәсіптік бағдар беру кезеңінде: жарнамалық роликтер, брошюралар, болашақ талапкерлермен кездесу, жеке көрсетілім, экскурсиялар көбірек ақпарат қажет.

Шешті: бұл тәжірибені оң деп санап, әлеуметтік әріптестердің кәсіптік бағдар беру науқанына қатысу, кәсіптік бағдар беру сапасын арттыру үшін БАҚ-та ақпараттық жұмысқа көмек көрсету қажеттілігі туралы ұсыныс енгізді. Жоғарыда аталған екі мамандық бойынша медициналық көрсеткіштерге (100% көру) баса назар аудару. Кәсіптік бағдар беру кезінде болашақ талапкерлермен кездесу және жеке көрсетілім үшін өндірістен өкілдерді шақыру. Оқу жылы ішінде қала және облыс мектептерінің 9 сынып оқушыларына экскурсиялар өткізу, жарнамалық роликтер мен брошюраларды дайындау мен таратуға көмек көрсету.

№4 сұрақ бойынша Виктор Вадимович Ключко сөз сөйледі, ол «ССКӨБ» АҚ ТКТКЦ және ЖҚЖЦ ӨК көлік кешені кәсіподақ комитеті төрағасының орынбасары, ол колледжбен мақсатты шарттар жасасу бойынша әлеуметтік әріптестердің жұмысы туралы айтты. 1 курсқа түскен 150 адамның 60-ы мақсатты шарт бойынша (40%), өткен жылмен салыстырғанда 5% - ға (35%) артық:

№		«ССКӨБ» АҚ	«КОУ» ЖШС	«РСС» АҚ	«ERG service» ЖШС	барлығы
1	07160500 Темір жолдардың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету	10				10
2	07240500 Пайдалы қазбаларды байытушы (рудамен байыту)	5	5			10
3	07240600 Жер асты құбырларының құрылысы	10				10
4	07150600 Слесарь іс (салалар мен түрлер бойынша)				10	10

07150300 Токарлық іс (түрлері бойынша)				10	10
07130100 Токарлық іс (түрлері бойынша)		5	5		10
барлығы	25	10	5	20	60

Сондай-ақ, «Қазогнеупор 2012» ЖШС бас инженері Дмитрий Викторович Артамонов дуальды оқыту нысаны бойынша шарттар жасасу бойынша ақпаратпен сөз сөйледі.

Биыл дуальды оқыту нысаны бойынша 8 топ-195 адам келесі мамандықтар бойынша оқитын болады:

-07130700 «Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері мен салалары бойынша)»
3W07130702 «Электромеханикалық жабдықтарға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электрослесарь» қазақ тілінде;

-07150300 «Токарлық іс (түрлері бойынша)»;

-07240600 «Жер асты құбырларының құрылысы»;

-07240500 «Пайдалы қазбаларды байытушы (рудамен байыту)»;

-07130100 «Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)».

Тәжірибе сағаттарының ұлғаюы білікті мамандарды даярлаудың қажетті шарты болып табылады, сондықтан 40% орнына тәжірибенің 60% бұған ықпал етуі керек.


Шарттар дұрыс және мерзімінде жасалды, «Атамекен» облыстық кәсіпкерлер палатасында барлығы тіркелді.

Шешті: кәсіпорындармен нысаналы шарттар жасасу жөніндегі жұмысты қанағаттанарлық деп саналсын және жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша талапкерлерді іріктеу жөніндегі жұмысты жалғастырсын. Кәсіпорындарға: «ТРАНСРЕМВАГОН» ЖШС, «Қашар кені» АҚ, «Қазогнеупор 2015» ЖШС, «ERG Service» ЖШС РММЗ филиалына шарттар саны көбейтілсін.

Білікті мамандарды даярлауға мүмкіндік беретін практика сағаттарының саны артатын дуальды оқыту нысанын енгізуді жалғастырсын.


Ескертпе: енгізілген ұсыныстары бар хаттама индустриялық Кеңес мүшелерінің назарына жеткізілді.

Кеңес төрағасы



С. Ташетов

Хатшы



Т. Дозорцева

Кеңес мүшелері:

